

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қаңтар N 54.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 22 мамырда Минск қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми
және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласындағы
ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ*

2002 жылғы 15 ақпаннан бастап күшіне енді - ҚР халықаралық
шарттары бюллетені, 2002 ж., N 4, 40-құжат

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Беларусь Республикасының Үкіметі

ғылыми дәрежелер жөніндегі құжаттарды тану және нострификациялау (теңестіру)
ғылыми дәрежелердің салғастырмалылығы қағидаттары туралы 1993 жылғы 17
мамырдағы келісімді басшылыққа ала отырып,
ғылыми байланыстарды сақтауға және дамытуға ұмтыла отырып,
жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау

саласындағы ынтымақтастықты жалғастыруға ұмтылушылықты растай отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар белгіленген тәртіпте дипломдардың иегерлерін қайта аттестациялау арқылы Тараптар мемлекеттерінің тиісті аттестациялық органдары берген ғылыми дәрежелерді беру туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды өз мемлекеттерінің аумағында таниды.

2-бап

Қазақстан Республикасынан уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы, Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік жоғары аттестациялық комитеті.

3-бап

Тараптардың уәкілетті органдары:

аттестациялаудың ұлттық жүйелерін дамыту тұжырымдамалары мен жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер мамандықтарының ұлттық тізбелерін (номенклатураларын) әзірлеу кезінде өзара консультациялар өткізеді;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялаудың мемлекеттік жүйелерінде ғылыми дәрежелердің ізденушілеріне қойылатын негізгі талаптардың салғастырмалдығын қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласында:

өзінің мемлекетінің аумағындағы диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестерде екінші Тарап мемлекеті ізденушілерінің диссертацияларын қорғауларын өткізуі үшін тең жағдайлар жасау;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялаудың мемлекеттік жүйелеріндегі өзгерістер туралы дер кезінде өзара хабарлау, осы кадрларды аттестациялау мәселелері бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілермен және басқа да материалдармен алмасу;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялауды

жетілдіруге бағытталған процестерді басқару тәжірибесімен алмасу жөніндегі қажетті бірлескен іс-шараларды өткізу арқылы ынтымақтастықты дамытады.

5-бап

Диссертациялық жұмыстарды сараптау сапасын арттыру үшін Тараптардың Уәкілетті органдары:

Тараптар мемлекеттерінің диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестерінің жұмысына жетекші ғалымдар мен мамандардың, сондай-ақ олардың диссертациялар қорғау кезінде оппоненттер ретінде қатысуына;

өз аумағындағы диссертация қорғау жөніндегі кеңестерде екінші

Тараптың диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестерінде қорғалған диссертацияларға қосымша сараптаулар өткізуге жәрдемдеседі.

6-бап

Осы Келісімге қатысу Тараптардың жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестациялау саласындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалану құқықтарын шектемейді.

7-бап

Осы Келісімді іске асыруға байланысты нақты мәселелер бойынша қосымша келісімдер мен хаттамаларға қол қойылуы мүмкін.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісім мәтініне осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану мәселелері бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы еңсеретін болады.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойына қолданыста болады және оның қолданыста болу мерзімі егер Тараптардың бір де бірі осы Келісімнің қолданыста болуын тоқтауға өзінің ниеттерін оның қолданыста болуының тиісті кезеңінің өтуіне дейін алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлау жолымен мәлімдемесе,

өздігінен келесі бес жылдық кезеңге ұзаратын болады.

Минск қаласында, 2000 жылғы 22 мамырда түпнұсқа екі данада, әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күштері бірдей. Түсіндірілуде пікір алшақтығы болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдылыққа ие.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК